	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	К 017-04-2023 №3- редакция 30.11.2023 ж.
	Кодекс Нормативтік құжат түрі	7-ден 1-бет

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
 ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
 «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ»  
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ  
 ӘДЕП НОРМАЛАРЫ КОДЕКСІ**

**Алматы қаласы  
 2023 жыл**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
«Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ  
Ғылыми кеңесінің  
2023 жылғы 30» қарашадағы  
№4 хаттамасының шешімімен  
«БЕКІТІЛГЕН»

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ  
ӘДЕП НОРМАЛАРЫ КОДЕКСІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің әдеп нормалары кодексі (бұдан әрі мәтін бойынша – Кодекс) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына, Азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп кодексіне, Педагогикалық әдеп қағидаларына, ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ (бұдан әрі мәтін бойынша – Академия) Жарғысына, Академияның еңбек тәртібі ережелеріне және Қазақстан Республикасының жалпы танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына сәйкес әзірленді.

2. Кодекс Академияның жұмыскерлері мен білім алушылары басшылыққа алатын жалпы қағидаттар мен әдеп нормаларының жиынтығы болып табылады.

3. Кодексте Академия жұмыскерлері мен білім алушылар үшін міндетті мінез-құлықтың әдеп қағидаттары мен стандарттары бекітілген:

- 1) басшылық құрам (топ-менеджмент);
- 2) профессорлық-оқытушылық құрам;
- 3) әкімшілік-басқару, қызмет көрсету және оқу-көмекші персонал қатарындағы Академия жұмыскерлері;
- 4) білім алушылар (мектеп оқушылары, колледж және академия студенттері, Академия магистранттары мен докторанттары);

4. Кодекс жалпы танылған адамгершілік құндылықтарға, адам құқықтарының басымдықтарына, азаматтық қоғамның демократиялық идеяларына негізделген қатынастарды реттейді.

5. Кодекс келесі қағидаттарға негізделген:

- 1) төзімділік;
- 2) парасаттылық;
- 3) корпоративтік ынтымақтастық.

6. Кодекс Академияның барлық білім алушылары мен жұмыскерлерін Академия миссиясын жүзеге асыру үшін ортақ құндылықтармен, мінез-құлық стандарттарымен, қағидаттармен, тәсілдермен және адамгершілік бағдарлармен біріктіреді.

## **2. КОДЕКСТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

7. Осы Кодекстің мақсаты академияда жұмыскерлері мен студенттерінің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің жұмысына ықпал ететін мейірімділік пен төзімділік атмосферасын құру болып табылады.

8. Кодекстің міндеттері:

- 1) ұжымның әрбір мүшесінің адамгершілік, зияткерлік және рухани дамуын қамтамасыз ету;
- 2) ұжымның әрбір мүшесінің әлеуметтік құқықтарын, бостандықтарын қорғау;
- 3) ұжымның әрбір мүшесінің міндеттерін орындауды қамтамасыз ету;
- 4) Академия ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру;
- 5) академияда патриоттық сезімді қалыптастыру.

## **3. БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ (ТОП-МЕНЕДЖМЕНТ) МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

9. Басшылық құрам (топ-менеджмент) :

- 1) лауазымдық міндеттерді сапалы орындауды және жұмыскерлердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін жұмыс жағдайларын жасауға;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарау кезінде төрешілдікке жол бермеуге, келіп түскен өтініштер бойынша белгіленген мерзімде шаралар қабылдауға;
- 3) қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;
- 5) меритократия қағидатын сақтауға;
- 6) сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттерді болғызбау үшін шешу жолдарын табуға;
- 7) іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтауға;
- 8) ұжымда өзінің діни көзқарасын ашық көрсетпеуге, бағынысты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлемеуге міндетті.

## **4. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ҚАҒИДАТТАРЫ, ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

10. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары:

1) адалдық:

педагогтың адалдығы оның оқыту мен тәрбиелеу нәтижесі үшін жауапкершілігін, өз қызметінде түзетулерді жүзеге асыру қабілетін, сынға және

рефлексияға дамыған қабілетін, білім алушылардың, ата-аналардың, әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығын көздейді;

2) шынайлық:

педагогтың шынайлығы оның бағалау қызметінің ашықтығын, ол құратын білім беру ортасының ашықтығын болжайды. Адалдық педагогке білім алушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқықтарын бұзуга тыйым салады;

3) жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу болып табылады: Педагог білім алушының, ата-ананың, оның кәсіби назарының объектісіне айналған адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынаста әдепті болады. Ол білім алушының дамуын шын жүректен тілейді, оған әрдайым көмектесуге дайын, білім алушының жетістіктерін (сәтсіздіктерін) бағалауда нәзіктік танытады.

Білім беру процесіне қатысушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді;

4) жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеу болып табылады:

жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығын мойындай отырып, педагог әрбір ұлттық мәдениеттің ерекшеліктеріне, құндылықтары мен қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлттаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларда жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, дініне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе кез келген өзге жағдаяттарға карамастан, барлық ұлттардың және барлық адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге оятады.

Педагог ұжымда сенім мен Құрмет климатын құруға ықпал етеді;

5) кәсіби ынтымақтастық:

педагог мамандықтың беделіне қамқорлық жасайды, әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермейді.

Қандай да бір нысанда өз әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін орындауына кедергі жасауға, оларға қандай да бір залал келтіруге жол берілмейді. Педагог әріптестеріне теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмек көрсетеді, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмекке келеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікке негіз бола алмайды;

6) кәсіптік дамудың үздіксіздігі.

Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді. Педагог мемлекеттік және басқа да тілдерде табысты және жағымды іскерлік қарым-қатынас жасау қабілетіне, түрлі тілдік құралдарды барабар найдалана отырып, өз ойын еркін білдіру қабілетіне, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, нысандары мен құралдарын әзірлеу мен қолдануда жоғары белсенділік дәрежесіне, тіл тапқыштық, төзімділік және шешендік шеберлік дағдыларына ие болуы тиіс.

11. Өз қызметінде педагогикалық жұмыскерлер:

- 1) білім алушыларды жоғары адамгершілік, ата-аналарға, этномәдени құндылықтарға құрмет, қоршаған әлемге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге ықпал ету;
- 2) Қазақстан Республикасының педагог қызметкері жоғары атағының беделін түсіретіндей іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;
- 3) өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы атқаруға міндетті;
- 4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіруге, өздігінен білім алумен және өзін-өзі жетілдірумен белсенді айналысуға;
- 5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға;
- 6) академияның мүлкіне ұқыпты қарауға және оны жеке мақсаттарда пайдаланбауға;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдау, өзінің жеке мінез-құлқымен адалдық, риясыздық және әділдіктің үлгісін көрсетуге;
- 8) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге;
- 9) жеке үлгісімен ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға ықпал етуге;
- 10) жұмыстан тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге;
- 11) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатына қатысты орынсыз пікірлерге жол бермеуге;
- 12) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын ұстануға;
- 13) ұжымда өзінің діни көзқарасын ашық көрсетпеуге, бағынысты қызметкерлер мен білім алушыларды қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрлемеуге міндетті.

12. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынаста педагогикалық жұмыскерлер:

- 1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеу, өз әріптестері тарапынан осындай әрекеттердің жолын кесу бойынша күш-жігер жұмсауға;
- 3) өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себеп бермеуге, оған шыдамдылықпен қарауға, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою мен жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;
- 4) білім беру процесіне қатысушыларға кәсіби қолдау көрсетуге міндетті.

13. Әріптестермен қарым-қатынаста педагогикалық жұмыскерлер:

- 1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, сыпайы және әдепті болуға;
- 2) басқа педагогикалық жұмыскердің кәсіби біліктілігіне көншілік алдында күмән келтірмеуге міндетті.

14. Педагогикалық жұмыскерлердің Кодекс ережелерін білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібінің сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

## **5. ӘКІМШІЛІК-БАСҚАРУ, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ОҚУ- КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ ҚАТАРЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

15. Академияның әкімшілік-басқару, қызмет көрсету және оқу-көмекші персонал қатарындағы жұмыскерлері:

- 1) академияның мүдделері мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;
- 2) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;
- 3) Академия мүлкін тиянақты және ұқыпты ұстауға және тиімді пайдалануға;
- 4) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын және іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;
- 5) халықаралық келісімді нығайтуға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыруға ықпал етуге;
- 6) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;
- 7) бір-біріне қатысты өнегесіз сипаттағы іс-әрекеттерге, негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қорлау, адамдық қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік фактілеріне және адам құқықтарына қысым жасайтын басқа да іс-әрекеттерге жол бермеуге;
- 8) бағынысты жұмыскерлерді моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес келмейтін заңға қайшы әрекеттер жасауға мәжбүрlemeуге;
- 9) лауазымдық міндеттерін атқару барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;
- 10) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киімнің іскерлік қалпын ұстануға;
- 11) жұмыстан тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге;
- 12) бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатына қатысты орынсыз пікірлерге жол бермеуге;
- 13) ұжымда өзінің діни көзқарасын ашық көрсетпеуге, бағынысты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға мәжбүрlemeуге міндетті.

## **6. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ**

**(МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ, КОЛЛЕДЖ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯ  
СТУДЕНТТЕРІ, АКАДЕМИЯ МАГИСТРАНТТАРЫ МЕН  
ДОКТОРАНТТАРЫ)**

16. Білім алушылар (мектеп оқушылары, колледж және академия студенттері, Академия магистранттары мен докторанттары):
- 1) Академияның барлық жұмыскерлеріне, оқытушыларына және білім алушыларына қатысты әдептілікті сақтауға;
  - 2) академияның имиджін сақтауға және арттыруға;
  - 3) оқу тәртібін, жалпы қабылданған моральдық-этикалық мінез-құлық нормаларын сақтауға;
  - 4) салауатты өмір салтын ұстануға;
  - 5) академияның дәстүрлерін құрметтеуге және көбейтуге;
  - 6) Академия мүлкін тиянақты және ұқыпты ұстауға және тиімді пайдалануға, академияда тазалық пен тәртіпті сақтауға;
  - 7) дәлелденбеген айыптауларға, өнегесіз сипаттағы іс-әрекеттерге, дорекілік, қорлау, әдепсіздік фактілеріне жол бермеуге;
  - 8) бір-біріне қатысты төзімділік танытуға;
  - 9) үнемі мәдениетті, адамгершілікті және дене бітімін жетілдіруге ұмтылуға міндетті;
  - 10) факультеттер мен жатақханалардағы студенттік өзін-өзі басқару комитеті өз қалауы бойынша осы Кодекстің ережелерін бұзушыларға: көпшілік алдында ескерту шығаруға, студенттік өзін-өзі басқару қызметіне қатысу құқығынан уақытша айыру сияқты жазалау шараларын қолдануға құқылы. Әрбір факультетте Студенттік өзін-өзі басқару органдарының мұндай жазаларын қолдану мәселесі адамның қадір-қасиетін кемсітпей дербес шешіледі.

**7. АКАДЕМИЯНЫҢ ҰЖЫМ МҮШЕЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ  
ЖАНЖАЛДАРДЫ ШЕШУ**





17. Мүмкін болатын жанжалдар кафедра, деканат отырыстарында немесе құрылымдық бөлімшелерде шешілуі керек. Бөлімше деңгейінде жанжалды шешу мүмкін болмаған жағдайда жұмыскерлер академияның тәртіптік комиссиясына жүгінуге құқылы.
18. Жоғарыда көрсетілген шарттардың сақталуы Академия ұжымының барлық мүшелеріне зияткерлік және шығармашылық әлеуетті іске асыру үшін мүмкіндіктер береді.

**Қызметкерлерді құжаттау  
және тіркеу қызметінің басшысы**

**Г.Кайранова**

**КЕЛІСІЛДІ:**

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс  
жөніндегі проректор  
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор  
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік  
мәселелер жөніндегі проректор  
Заң бөлімінің басшысы

 Ш.Амирбеков  
 К.Халыков  
 Ш. Ергөбек  
 Г.Сеитбекова